

*Петропавл қаласы химия-биология бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі*

**«Алашорда ізімен» тақырыбындағы Шығыс  
Қазақстан облысы бойынша өткен «Туған  
елге тағзым» зерттеу-өлкетанулық  
экспедициясының есебі**



### *Төртінші күн. Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы.*

«Алашорда ізімен» атты «Туған елге тағзым» зерттеу-өлкетанулық экспедициясының төртінші күні де өз мәресіне жетті. Бүгін, 15 маусым күні біздің экспедиция тобымыз, Шымкент қаласының НЗМ-нің оқушыларымен және Өскеменің еріктілер тобымен бірге Риддер қаласының жанында орналасқан «Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығында» болып қайтты.



Біріншіден біз «Серый луг» жерінде тоқталып, Шығыс Қазақстанның әсем табиғатына көз салдық. Бұл аймақтың «Серый луг» деп аталу себебі, осы жерде кезінде «Серов отбасы» өмір сүрген.

Жолда біз Алтай тауының «Ивановский» жотасының шындарын көрдік. Олардың арасындағы ең биік шың «Вышеивановский шыңы» деп аталады. Оны жергілікті халық «Ворашилов шыңы» деп атап кеткен және оның биіктігі 2776 метр. Ивановский жотасының батыс етегінде Риддер қаласы мен Поперечное селосы жатыр. Сонымен қатар, Вышеивановский шыңының астыңғы етегінде «Радоновское» көлі орналасқан. Бұл көл жер асты суларымен және тау қарымен молаяды.





Батыс Алтай мемлекеттік қорығы 1992 жылы ашылды. Ол негізгі 3 бөлімнен құралған: экология және туризм, ғылым және күзет. Осы 3 бөлім бірігіп, бір мақсатта жұмыс атқарады.

Біз «Заповедные дали» бағытымен экскурсия бойынша жүрдік. Содан кейін Линей асуы арқылы өтіп, Линейский жотасына көтерілдік. Ақ оба кардоны біздің экскурсиямыздың бастауы болды.

Жалпы Батыс-Алтай қорығының 9 көрнекті жерлері бар. Олар: Ларий каскад өзені, тасты өзен, Мономата бөрігі, 400 жылдық балқарағай, тасты ертегі, Алтай гульбищесі, Холзун жотасы, балқарағай көлі және қара түйін.



Линей асуы арқылы өткен кезде, алдымызда Линейский жотасы, ал артымызда Көксу жотасы көрінеді. Көк су жотасының ерекшелігі, ол арқылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерацияның шекарасы өтеді. Линейский жотасынан кейін Ивановский жотасы орналасқан. Осы асудың биіктігі 1680 метр. Осы асуды бағындырғаннан кейін кейін, біз Линейский жотасына көтеріліп, оның биіктігі 1990 метрге дейін жетеді.



Жолда бізге ғажайып өсімдіктеді кездестіріп, экскурсия жүргізуші бізге олардың қасиеттерін, маңызын және ерекшеліктерін баяндап берді. Мысалы, марал тамыры. Ол адамның иммунитетін көтереді. Оның осылай аталу себебі, олармен тек маралдар қоректенеді және олар оның гүлін жеп, сабағын қалдырады. Медицинада бұл өсімдіктің тек тамырын қолданып, оны спиртке немесе басқа дәрілік сұйықтармен араластырады. Бұл Қызыл кітапқа енген өсімдік болып табылады.





Жалпы атап кететін болсақ, Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығында 883 өсімдіктің түрі кездеседі. Олардың 256-сы саңырауқұлақтар және 27-сі Қызыл кітапқа енген болатын.

Марал тамырының жоғалу себебі, адамдар оның тек тамырын қолдағандықтан, өсімдік әрі қарай өсе алмайды.

Сонымен қатар, біздің жолымызда Жоркей өсімдігі кездесті. Ол Алтай эндемигі, яғни субальпілік аймақтарда ғана өседі. Ол Қызыл кітапқа енгізілмесе де, жойылып бара жатыр. Осы түрдің өсімдіктері түрлі түсті, алайда сары түсті жоркей тек Алтайға тән.



Осыған қоса, Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығында 162 құстардың түрлері кездеседі. Олардың арасында 6 құс Қызыл кітапқа енген. Солардың ішінде 2 құс жыл құсы болып саналады, олар сұр тырна және қара ләйлек.

Қорытындылай келе, бүгінгі күн қызыққа толы болды. Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығында алынған ақпараттарды біз болашақта биология және география сабақтарында, зерттеу жұмыстарымыздың тәжірибелік бөлімінде кеңінен қолдана аламыз.

